

**Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен тамақтануын
ұйымдастыру бойынша комиссия мүшелерінің отырысының**

№ 4 хаттамасы

Күні: 11.11.2024 ж

Қатысқандар:

1. Е.Д.Умирзаков- мектеп-гимназия директоры, комиссия төрағасы;
2. Н.Қожалепесова-мектеп-гимназия директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Ә.Рахметов-Қамқоршылық кеңестің төрағасы, комиссия мүшесі;
4. Қ.Мәмбетжанов- мектеп-гимназия ата-аналар комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі;
5. Е.Арықбаев-мектеп-гимназия ата-анасы, комиссия мүшесі;
6. Ж.Үркімбаева- мектеп-гимназия ата-анасы, комиссия мүшесі;
7. Е.Бисеналиев- мектеп-гимназия шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
8. А.Бурашова- мектеп-гимназия әлеуметтік педагогы, комиссия мүшесі;
9. Г.Қырықбаева-мектеп-гимназия медбикесі, комиссия мүшесі;
- Г.Утепова- мектеп-гимназия қосымша білім беру маманы, хатшы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» туралы.

Е.Д.Умирзаков- мектеп-гимназия директоры, комиссия төрағасы. Биылғы оқу жылында 884 оқушы білім алуда. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына бекітілген 10-11 қосымшасы бойынша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын және жалпы ережелерін» басшылыққа ала отырып 71 оқушыға бұйрық шығарылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығының 77-ші іс-шара жоспарын басшылыққа ала отырып 1-4 сыныптар арасында 159-ерекшелік бойынша 377 оқушыға бір мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығын басшылыққа ала отырып мектеп асханасына келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторинг жүргізу және асханаға қатысты мәселелерді педагогикалық кеңесте талқылау мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылып, айына екі рет комиссия мүшелерімен асхана қызметкерлерінің санитарлық тазалығын қатаң сақтауды бақылау және күнделікті ас мәзіріне сәйкес дайындалған астың сапасы сынамадан өткізіп, оқушыларды бір мезгіл ыстық тамаққа апару-әкелу және бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру сынып жетекшілерге міндеттелді.

Қараша айының 11 күні бекітілген комиссия мүшелерімен бекітілген жаз/күз маусымы бойынша ас мәзірінің 2 апта 1 күнмен асхананың жәй-күйі тексерілді. Асханада жалпы 6 адам жұмыс жасайды. Аспазшы-1, аспазшының көмекшісі-1, ыдыс жуушы-3

Қ.Мамбетжанов- мектеп-гимназия ата-аналар комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі: тексеру барысында асханада жалпы 5 адам жұмыс жасайды. Аспазшы-Көшенова Акбоне. Бекітілген ас мәзірі бойынша ыстық тамақты арнайы тамақ өлшейтін апаратпен өлшен көрсетті.

(жаз-күз)

2 апта 1 күн

Тағамның атауы	Тағамның өлшемі			Тағам құрамы	Брутто, г		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас		7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Бұқтырылған сиыр еті көкөністермен	60	80	100	сиыр еті	90	100	110
				сәбіз	20	25	30
				қызанақ пастасы	3	3	3
				пияз	22	25	27
				бидай ұны	8	9	12
				тұз	1,5	2	2
				күнбағыс майы	5	6	7
Гарнир: қарақұмық	100	130	150	қарақұмық	48	62	71
				тұз	1,5	2	2
				сары май	4	5	6
Балғын көкөніс салаты	60	80	100	қызанақ	18	24	30
				балғын қияр	1,5	2	2
				қырыққабат	17	23	29
				күнбағыс майы	8	11	13
Шырын	200	200	200	шырын	200	200	200
Қара бидай наны	10	10	20	қара бидай наны	10	10	20
Бидай наны	10	25	20	бидай наны	10	25	20

Өлшем бірлік бойынша:

Бұқтырылған сиыр еті көкөністермен және бөктірілген күріш 160/185 грамм болып шықты.

Балғын көкөніс салаты 60/40 грамм шықты. Әр балаға 20 граммнан жетпей қалды.

Компот кепкен жемістен 200/220 грамм шықты

Қара нан мен бидай нан оз граммымен берілді.

Сонымен қатар, тәуліктік ас сынамасы ыдыста салынған. Тоңазытқыштары, ас бөлмесі, ыдыстары, қоймасы таза. Аспазшылардың гигиеналық тазалықтары сақталған, хлор 0,015% дайындалған. Нан, ет, көкөніс тақтайшалары мен пышақтары бар.

Алдағы уақытта астың ас мәзірі бойынша және астағы балаға бекітілген өлшем бойынша берілуіне қатаң назарда ұстауын ескертті.

О.Рахметов- Қамқоршылық кеңестің төрағасы, комиссия мүшесі, ас уақытылы, ыстықтай, дәмді, өз грамымен біріліп, асхананың жәй күйі таза, талапқа сай болуын ескертті.

Н.Қожаленесова-директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі: Асты уақытылы, дәмді, таза, балаға бекітілген өлшемнен кем қылмай беру қажет. Асты балалар сүйсініп жеу керектігін ескертті.

Г.Қырықбаева- мектеп-гимназия медбикесі, комиссия мүшесі: Ас бөлмесін таза, асты таза істеуін, жеке бас тазалықтарын сақтап, белгіленген уақыт бойынша берілуін, сертификаттардың болуын және асты өлшемнен аз салмауын ескертті.

А.Бурашова-мектеп-гимназия әлеуметтік педагогы, комиссия мүшесі: ыстық тамақ уақытылы ыстықтай, дәмді, таза, етін мол, салаттар дәмді, балалар сүйсініп жейтіндей берулеріңізді қажет.

Жиналыс төмендегідей шешім қабылдады:

Мектеп-гимназия бойынша тамақтану сапасына мониторингті үнемі жүргізіп, асхананы қатаң бақылауда ұстауды комиссия мүшелеріне тапсырылды.



Е.Д.Умирзан

Н.Қожаленесова

О.Рахметов

Қ.Мәмбетжанов

Е.Арықбаев:

Ж.Үркімбаева:

Е.Бисеналиев:

А.Бурашова:

Г.Қырықбаева:

Г.Утепова:

мектеп-гимназия директоры, комиссия төрағасы;
мектеп-гимназия директорының тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
Қамқоршылық кеңестің төрағасы, комиссия мүшесі;
мектеп-гимназия ата-аналар комитетінің төрағасы,
комиссия мүшесі;
мектеп-гимназия ата-анасы, комиссия мүшесі;
мектеп-гимназия ата-анасы, комиссия мүшесі;
мектеп-гимназия шаруашылық жөніндегі орынбасары,
комиссия мүшесі;
мектеп-гимназия әлеуметтік педагогы, комиссия
мүшесі;
мектеп-гимназия медбикесі, комиссия мүшесі;
мектеп-гимназия қосымша білім беру маманы, хатшы